

**Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 52 "Тұқым шаруашылығын дамытуға 2023 жылға субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 17 қарашадағы № 201 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 қарашада № 157-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы әкімдігінің "Тұқым шаруашылығын дамытуға 2023 жылға субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" 2023 жылғы 14 наурыздағы № 52 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32-18 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығының 38-тармағына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

2) көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Абай облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай облысы әкімі*

*Н. Уранхаев*

Абай облысы әкімдігі  
2023 жылғы 17 қарашадағы  
№ 201 Қаулысына  
қосымша  
Абай облысы әкімдігінің

**Тұқым шаруашылығын дамытуға 2023 жылға субсидиялауға арналған бюджет қаражаттарының көлемдері**

Бюджет түрі	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға қажет етілетін ақшалай қаражат барлығы (мың теңге)	оның ішінде (мың теңге)			
		бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	бірінші репродукция тұқымдары	бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары
Жергілікті	790 000,000	0	20 189,192	6 099,242	763 711,566
Республикалық	615 000,000	0	66 878,724	73 995,907	474 125,369
Барлығы	1 405 000,000	0	87 067,916	80 095,149	1 237 836,935